Автор: Аманова Арай
Пән: XXI ғасыр дағдылары
Сынып: Үйренуді үйрену
Бөлім: Үйренуді үйрену
Тақырып: Мәселелерді шешу және шешім қабылдау стратегиялары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Мәселені анықтау; себеп-салдарын талдау; балама шешімдер әзірлеу; тәуекелді салыстыру; шешімді негіздеу.
Сабақтың мақсаты:	Мәселені жүйелі талдау, бірнеше шешім ұсыну және салдарын ескеріп жауапты шешім қабылдау қабілетін дамыту.
Тілдік мақсаттар:	Мәселе, себеп, салдар, балама, тәуекел, шешім. Таңдауын дәлелмен түсіндіру.
Күтілетін нәтиже:	Мәселенің себебін анықтайды; шешімдерді салыстырады; тиімді шешімді таңдап, салдарын түсіндіреді.
Бағалау критерийлері:	Мәселені тұжырымдайды; себеп-салдарды көрсетеді; баламаларды салыстырып, таңдауын дәлелдейді.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, әділдік, дербестік, табандылық, өзара көмек.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Кейсті электронды талдау; онлайн тақтада себеп-салдар диаграммасы; ортақ құжатта шешімдерді салыстыру.
Пәнаралық байланыс:	Математика – логика; информатика – алгоритм; құқық – жауапкершілік; жаратылыстану – ғылыми зерттеу.
Бастапқы білім:	Күнделікті өмірде таңдау жасайды; қарапайым мәселелерді шешу және себеп-салдарды түсіну тәжірибесі бар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (7 минут)	**1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут).** Оқытушы білім алушылармен амандасып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Проблемалық сұрақ: «Бір мәселенің бірнеше шешімі болса, ең тиімдісін қалай таңдауға болады?» Білім алушылар өз пікірлерін қысқаша білдіреді. **2. «Проблемалық жағдаят» әдісі (5 минут).** Оқытушы білім алушыларға жағдаят ұсынады: «Сынып оқушылары маңызды жоба дайындап жатыр. Жобаны тапсыруға екі күн қалды, бірақ топ мүшелерінің бірі өз міндетін орындамаған. Соның салдарынан ортақ жұмыстың аяқталуы кешеуілдеп жатыр». Білім алушылар мәселені анықтап, оның ықтимал себептері мен салдарын атайды. Оқытушы жауаптарды жинақтап, кез келген мәселені шешу үшін алдымен оның нақты себебін анықтау қажеттігін түсіндіреді.	Ресурстар: презентация, интерактивті тақта, жағдаяттық карточкалар.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	1. «5 неге?» әдісі (7 минут). Оқытушы мәселені шешудің негізгі кезеңдерін таныстырады: мәселені анықтау, себептерін талдау, балама шешімдер әзірлеу, тәуекелдерді бағалау, тиімді шешімді таңдау және нәтижесін бақылау. «5 неге?» әдісі арқылы мәселенің түпкі себебін анықтау жолын түсіндіреді. Білім алушыларға «Оқушы тапсырманы уақытында орындамады» деген мәселе ұсынылады. Олар «Неге?» сұрағын бірнешерет қою арқылы ықтимал себептер тізбегін құрастырады. Мысалы:тапсырма уақытында орындалмады → уақыт дұрыс жоспарланбады →тапсырманың орындалу кезеңдері белгіленбеді. Білім алушыларанықталған себептерді талдап, мәселенің негізгі себебі туралы қорытындыжасайды. **2. Топтық жұмыс. «Шешім ағашы» әдісі (10 минут).** Білім алушылар үш топқа бөлінеді. Әр топқа жеке мәселе ұсынылады. 1-топ: Білім алушылар топтық жобаны белгіленген мерзімде аяқтай алмай жатыр. 2-топ: Оқу орнында бір реттік пластик заттарды пайдалану көлемі артқан. 3-топ: Білім алушылар сабақ пен жеке уақыт арасындағы тепе-теңдікті сақтай алмай жүр. Топтар Miro немесе Canva платформасында «Шешім ағашын» құрастырады. Тапсырманы орындау кезеңдері: 1. Мәселені нақты тұжырымдау. 2. Оның негізгі себептері мен ықтимал салдарын анықтау. 3. Мәселені шешудің кемінде үш балама жолын ұсыну. 4. Әр шешімнің оң және теріс салдарын көрсету. 5. Ең тиімді шешімді таңдап, негіздеу. Әр топ өз шешім ағашын таныстырады. **Бағалау критерийлері:** мәселені нақты анықтайды; себеп-салдар байланысын көрсетеді; бірнеше балама шешім ұсынады; таңдауын дәлелдейді. **3. «Тәуекел матрицасы» әдісі (8 минут).** Оқытушы шешім қабылдауда тәуекелдерді бағалаудың маңызын түсіндіреді. Білім алушылар алдыңғы тапсырмада ұсынған шешімдерін үш критерий бойынша салыстырады: - Тиімділігі. - Жүзеге асыру мүмкіндігі. - Ықтимал тәуекелі. Әр критерийді 1–3 балдық шкаламен бағалайды. Тәуекел көрсеткішінде жоғары балл тәуекелдің төмен екенін білдіреді. Білім алушылар салыстыру нәтижесінде тиімді шешімді анықтап, оның артықшылықтары мен ықтимал тәуекелдерін түсіндіреді. **Бағалау критерийлері:** шешімдерді белгіленген критерийлер бойынша салыстырады; тәуекелді ескереді; таңдалған шешімді негіздейді.	Ресурстар: презентация, «5 неге?» әдісінің сызбасы, Miro немесе Canva платформасы, Google Docs, тәуекелді бағалау кестесі, компьютер.
Сабақтың соңы (5 минут)	**«Шешім компасы» әдісі.** Білім алушыларға жағдаят ұсынылады: «Сізге бір уақытта екі маңызды тапсырма берілді. Екеуінің де орындалу мерзімі жақын, бірақ уақыт шектеулі. Қандай шешім қабылдайсыз?» Білім алушылар төрт бағыт бойынша өз шешімдерін талдайды: - Мәселе: нақты қандай қиындық туындады? - Себеп: мәселенің пайда болуына не әсер етті? -Балама: қандай шешімдер қабылдауға болады? - Нәтиже: қай шешім тиімді және оның ықтимал салдары қандай? Оқытушы жауаптарды қорытындылап, жауапты шешім қабылдау мәселені жан-жақты талдау, баламаларды салыстыру және ықтимал салдарды ескеруге негізделетінін түсіндіреді.	Ресурстар: презентация, жағдаяттық тапсырма, интерактивті тақта.
Рефлексия (3 минут)	**«Шешім баспалдағы» әдісі (Google Forms платформасы).** Білім алушылар Google Forms платформасында сабақ барысында меңгерген дағдыларын бағалайды. Рефлексия сұрақтары: 1. Мәселенің негізгі себебін анықтай аламын ба? 2. Бір мәселенің бірнеше балама шешімін ұсына аламын ба? 3. Шешімдердің артықшылықтары мен тәуекелдерін салыстыра аламын ба? 4. Өз таңдауымды нақты дәлелдер арқылы негіздей аламын ба? Соңында «Бүгін үйренген қандай әдісті күнделікті өмірде қолданамын?» деген сұраққа қысқаша жауап береді. Оқытушы нәтижелерді талдап, білім алушылардың мәселені шешу және жауапты шешім қабылдау дағдыларын меңгеру деңгейін анықтайды.	Ресурстар: Google Forms платформасы, QR-код, смартфон немесе компьютер.